

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 118 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қазандағы № 344 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қазанда № 6207 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 65 "Ауыл, су, орман шаруашылықтары және жануарлар дүниесі саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-2/1132 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 419 "Мәдениет, мәдениет саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 118 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4550 болып тіркелген 2016 жылғы 1 маусымдағы "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 11 маусымдағы № 68 "Дидар", 2016 жылғы 9 маусымдағы № 68 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 5, 5-1 қосымшалар осы қаулыға 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыстың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің әлеуметтік сала мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Шығыс Қазақстан облысының

әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Шығыс Қазақстан облыстық

мәслихатының хатшысы

Д. Ахметов

В. Головатюк

2019 жылғы " ____ " _____

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2019 жылғы "09" қазандағы

№ 344 қаулысына 1 қосымша

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2016 жылғы 20 сәуірдегі

№ 118 қаулысына 5 қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Басқарушы персонал: облыстық маңызы бар аға жаттықтырушы-оқытушы.

2. Негізгі персонал: жаттықтырушы, жаттықтырушы-майлаушы, жаттықтырушы-массажшы, жаттықтырушы-оқытушы, нұсқаушы-спортшы, психолог, хореограф, зертханашы (негізгі қызмет бойынша).

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2019 жылғы "09" қазандағы

№ 344 қаулысына 2 қосымша

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2016 жылғы 20 сәуірдегі

№ 118 қаулысына 5-1 қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін орман шаруашылығы мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Басқарушы персонал: орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы және басшы орынбасары, орман күзету және қорғау бас инженері (табиғи кешендерді күзету және қорғау инженері), орманды қалпына келтіру бас инженері (орманды молықтыру және орман өсіру инженері), орманшылық басшысы (орман күтуші), орманшылық басшысының орынбасары, орман тұқымбағының бастығы, орман өрт сөндіру станциясының бастығы.

2. Негізгі персонал: аңшылықтанушы, орман шебері, орманшы (инспектор), авиациялық өртсөндіру командасының (тобының) нұсқаушысы, орман шаруашылығы негізгі қызметтерінің барлық мамандықтарының инженерлері.